

Меншік

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 164
(6865)
1944 жыл
Сенбі
19 август
Жеке саны
20 тыйын

Колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың барлық күші егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуға, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жоспарларын дер кезінде орындауға сөйтіп соғыстың шешуші кезеңінде Қызыл Армия мен елімізді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтауға жұмылдыруы керек.

Егінді соғыстағыша жыйнап алайық

Облысымыздың егін даласы еңбекшілері КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Партия Комитетінің «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысымен қаруланып егінді үкмет тағайындаған мерзім ішінде ысырапсыз жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауға барлық күш-жігерін жұмсауда. Батыр Қызыл Армияның жеңісті шабуылдарымен жігерленген колхозшылар мен колхозшы әйелдердің егін жыйнау жұмысындағы тамаша еңбек үлгілерін газетіміздің соңғы сандарында жарияланған тілшілер хаттарынан айқын көруге болады.

Үкмет пен партияның егін жыйнау жөніндегі нұсқауларын колхозшылар бұхарасына түсіндіре біліп, ондағы көрсетілген шараларды іс жүзінде мүлтіксіз қолдана білген колхоздарда егін жыйнау жұмысы ойдағыдай өткізіліп жатыр. Мисалы, Преснов ауданындағы «Пламя» колхозында (председателі Калугин жолдас) колхозшыларға үкмет пен партияның қаулысын толық түсіндіргеннен кейін колхоз мүшелерінің жас-кәрісі егін даласы жұмысына түгел шығып, егін жыйнау жұмысы басталған күннен бастап әрбір колхозшы өзінше тапсырылған күнделік жұмыс мөлшерін әрдайым артығымен орындауда. Оның үстіне колхоз басшылары қаулыда көрсетілген нұсқау бойынша, мемлекетке берілген алғашқы астықтың 15 проценті есебінен дереу колхозшылардың еңбек күніне астық бөліп берді. Бұл колхозшылардың ынтымақ арттырды. Соның нәтижесінде бұл колхозда қара бидайды ору жұмысы үкмет тағайындаған мерзімде аяқталып, жұмыстың басқа салалары да жоспар бойынша ойдағыдай орындалып келеді. Бұл сыяқты мисалдарды көптеп келтіруге болады.

Алайда егін жыйнау жұмысының барысы барлық жерде бірдей осындай деп айтуға болмайды. Үкмет тағайындаған мерзім бойынша 10 августқа дейін қара бидай ору ісі аяқталуға тиіс еді. Бірақ облысымыздың колхоздары қара бидайды ору жұмысын бұл мерзімнен кешігіп орындады, ал совхоздар қара бидай ору жұмысын әлі аяқтаған жоқ. Әсіресе шабылған егінді майлау ісінің қарқыны бәсең. Облыс көлемінде шабылған егіннің 62,6 проценті, ал Кошаров ауданында 39,7 проценті, Соколов ауданында 47,5 проценті ғана маяланды. Сол сыяқты егін соғу жұмысы да қанағаттанарлық емес. Приешім ауданында шабылған 617 гектар қара бидайдың небары 315 гектары ғана соғылды.

Егін жыйнаудағы бұл кемшіліктер кейбір партия және кеңес ұйымдары басшыларының және колхоз председателдерінің соғыс кезіндегі егінді дер кезінде ысырапсыз жыйнап алу міндетін жете түсінбегендігін көрсетеді. Кей жерлерде егін ору жөніндегі үкмет пен партияның қаулысы колхозшылардың сана-сезіміне толық жеткізілмеген. Мамлют ауданындағы «Путь к социализму» колхозында Назарова жолдас басқарған, 5 кісіден құрылған қол шалғышылар звеносы егін жыйнаудың алғашқы 15 күні ішінде 1,7 гектар ғана егін орган. Ал бұл звенонның мүшелерімен үкмет пен партияның қаулысы туралы әңгіме өткізгеннен кейін, бір күн ішінде, 10 августа, 2 гектар қара бидай орды.

Аудан басшылары мен колхоз председателдерінің және бастауыш партия ұйымы секретарьларының егін жыйнау жұмысындағы бұл сыяқты жайбарақаттығы егінді жыйнап алу ісін кешейтіндей оның өнімін ысырапқа, талаң-таражға ұшыратуға әкеп соғатындығына күмән жоқ.

Егін жыйнау жұмысының барлық салаларын үкмет көрсеткен мерзімде мүлтіксіз орындап шығу үшін әрбір ауданның, совхоз бен колхоздың адам, көлік және машина күшіне сәйкес жасалған жұмыс жоспары болуы керек. Ал аудан басшылары, колхоз председателі мен совхоз директоры бастауыш партия және комсомол ұйымының секретарьлары сол жоспардың орындалуын күнбе-күн қадағалап бақылап отыруға міндетті.

Мамлют ауданында (аудандық партия

комитетінің секретарі Козик жолдас) егін жыйнау жұмысының аудандық жоспары жасалмаған, ал бұл ауданның кейбір колхоздарында жасалған жұмыс жоспарларының орындалуы бақыланбайды. Сондықтан да Мамлют ауданының кейбір колхоздары егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру ісінің үкмет тағайындаған мерзімде орындалуына қауып туғызып отыр. Осы ауданның «Путь к социализму» колхозында жоспар бойынша, егін майлау жұмысында 15 арба шығарылуы керек еді, ал іс жүзінде егін майлауда 5-ақ арба жүр. «Организованный труд» колхозында жоспар бойынша егін оруды 8 лобогрейка жүрудің орнына 5-6 лобогрейка, орыдаң егінді майлауда 14 арбаның орнына 4 арба жүреді, сөйтіп күніне 19 гектар егіннің орнына 5-6 гектар ғана маяланады және осы колхозда жоспар бойынша егін жыйнау жұмысы басталған күннен бастап колхоздың ат-молотилкасы жұмысқа қосылуы керек еді, бірақ ол әлі бір гектар да егін соққан жоқ. Жоспар бойынша егін жыйнау жұмысына 83 сыйыр қатыстырудың орнына, қазір жұмыста 12-ақ сыйыр жүр.

Бұл сыяқты фактілер басқа ауданның кейбір колхоздарында да бар. Осы колхозда бір комбайн 3 күн ұдайымен жұмыс істеген жоқ. Оған бекітілген 6 арба, 12 өгіз және 12 әйел үш күндей жұмыс істемей қарап отырды. Машина тоқтап қалған кезде онда жұмыс істеуші көлік пен адамдарды дереу басқа жұмысқа қосу туралы үкмет пен партияның нұсқауы бұл колхоздың басшылары мүлде есінен шығарған.

Кейбір жерлерде болмашы бөгде себептерге сүйеніп егін жыйнау жұмысындағы бәсеңдікті өтірік дәлелдермен ақтауға тырысушылық та жоқ емес. Преснов ауданындағы Баян МТСның директоры Ковшов жолдас барлық колхоздарда тракторлар май жоқтықтан тоқтап тұр деп мәлімдеді. Ал бұл МТСның қамтуындағы 10 колхозды тексергенде май жоқтықтан 2 ақ колхозда ғана тракторлардың тоқтап тұрғандығы анықталды.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығында егін жыйнаудан артық соғыс-шаруашылық маңызы бар іс жоқ. Жоғарыда айтылған фактілер кейбір басшылардың бұл сыяқты соғыс кезіндегі саяси-шаруашылық маңызы зор іске немісқұрайды қарайтындығын ысқаттайды. Бұдан былай егін жыйнау жұмысындағы бұл секілді фактілерге түзуге болмайды. Болған кемшіліктерді жұмыстың барысында дереу түзеп, қазіргі күндегі егін жыйнау үшін қолайлы ауа райын пайдаланып, жұмысқа екі-есе, үш-есе қарқын берілімесе, егін өнімінің ысырапқа ұшырауына сөз жоқ.

Әрбір колхозда, совхозда жұмыстың орындалуына қатаң бақылау қойылысын. Бақылау болмаған жерде жұмыс қарқыны да бәсең болады. Сонымен бірге әрбір бригадирден, звено бастығынан күнделік жұмыс тапсырмасын мүлтіксіз орындап отыру талап етілетін болсын.

Егін жыйнау жұмысын ойдағыдай өткізу үшін КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында көрсетілген, егін жыйнауда еңбек ұйымдастыру және оған ақы төлеу жөніндегі шаралардың әрбір пунктін мүлтіксіз орындауға тиіс. Бұл шаралар дұрыс қолданылған күнде ғана егін жыйнаудағы адамдардың ынтымақ арттырып, олардың жұмыс мөлшерін артығымен орындауына жетісуге болады.

Колхозшы бұхараның өндірістік өрлеуін егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алып, үкметке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау және колхозшылар мен колхозшы әйелдердің адал еңбегіне лайықты ақы төлеу міндетін ойдағыдай орындауға пайдалану үшін егін даласында саяси-көпшілік жұмысы кең өріс алуға тиіс.

Егінді дер кезінде ысырапсыз жыйнап алумен жауды бір жолата талқандау сағатын тездетеміз, еліміздің күш-қуатын, әлауқатын арттырамыз.

Кеңес Хабаршы бюросынан 17 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

17 августа ПЕТСЕРИ (ПЕЧОРЫ) қаласының солтүстік және батыс жағында әскерлеріміз 150ден аса елді жерді, оның ішінде ВЫПСУ, РАПИН, КАУКСИ, ХИМ-МАСТЕ, КАНЕПИ, КАЙКА, КРАБИ үлкен қыстақтары мен РУЗА, ПЫЛВА КИЛЬ-ЯРВЕ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ШАУЛЯЙ (ШАВЛИ) қаласының солтүстік-батыс, батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз душпанның шабуылға шыққан жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштеріне қарсы қатты ұрыстар жүргізді. Бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз душпанды адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

МАРИАМПОЛЬДІҢ солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып, ШЕШУПА өзені бойында Шығыс Пруссия шек арасына жетті, сөйтіп 30дан аса елді жерді алды.

ПРАГАНЫҢ шығыс жағында әскерлеріміз душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атақаларын ойдағыдай тойтарды.

САНДОМИР қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауында табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ойдағыдай ұрыстар жүргізді, сөйтіп 20дан аса елді жерді алды. Әскерлеріміз САНДОМИР қаласының көшелерінде ұрыстар жүргізуде болды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

16 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 200 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 63 самоләті атып түсірілді.

* * *

Петсери (Печоры) қаласының солтүстік жағында Псков көлін жағалай шабуыл жасап бара жатқан әскерлеріміз Выхинду-Йгы өзенінен өтті де немістердің қорғану шебінің тіректі бекіністері Выпсу және Рапин қыстақтарын тіке шабуылмен алды. Душпан қатты қарсылық көрсетуде. Тек түс ауа немістер он екі рет қарсы атақаға шықты. Кеңес бөлімдері немістерді қуып тастан, жаудың бір батальонынан аса жаяу әскерін жойды. Душпаннан оқ ататын 6 аппарат, 9 миномет, 36 пулемет, оқ-дәрі қойылған 2 склад, соғыс мүлкі қойылған бір склад және азық-түлік қойылған 5 склад қолға түсірілді. Петсери қаласының батыс жағында душпан тың жаяу әскер бөлімдерін ұрысқа шығарды. Жауынгерлеріміз немістердің қасарыса жасаған қарсылығын жеңе отырып, бір неше елді жерді алды.

Кеңес ұшқыштары немістердің аэродромдарына шабуыл жасап, оның 4 самоләтін жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 8 самоләті атып түсірілді.

* * *

Шауляй (Шавли) қаласының солтүстік-батыс, батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз душпанның атақаларын тойтарды. Немістер танктері мен жаяу әскерлерінің ірі күштерін топтап, кеңес бекінісін бұзып өтуге тырысты. Кескілескен ұрыс басталды, ұрыс бірде-бір сағат тыным алмады. Жау үздіксіз атақаларға шығуға, алайда олар барлық жерде қатты соққыға тап болып отыр. Немістердің көптеген танктері миналар қойылған алаңға кездесіп, талқандалды. Бір учаскеде душпанның бір топ адамы кеңестің алдыңғы бөлімдерінің шептерінен өтті. Жаяу әскерлеріміз, өздігінен жүретін зеңбіректеріміз бен танкке қарсы ататын зеңбіректеріміз қатты ұрыстар нәтижесінде жаудың қорғану шебімізден өткен әскер тобын жойды. Немістердің бір батальондай моторлы жаяу әскері мен 35 танкі жойылды. Толық емес мәлімет бойынша, әскерлеріміз бір күнде душпанның барлығы 100дей танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін және 112 автомашинасын өртеді, қыйратты.

Кеңес бомбашылары мен штурмашылары душпанның 30 темір жол вагонын, 100 автомашинасын жойды, 22 зеңбірек батареясының үнін өшірді, және бірнеше танктер мен жаяу әскер қолынасын тозғындатты.

1944 жылы Бүкілодақтық Авиация күнін мерекелеу туралы

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі, быыл Бүкілодақтық Авиация күнін мерекелеуді жұма күні—18 августан 20 август күніне ауыстыру жөнінде қаулы шығарды.

Украинаның 22 мың мектебі жаңа оқу жылына әзірленді

Украин еңбекшілері ағарту орындарын қалпына келтіріп, жаңа оқу жылына қызу әзірленуде. Мектептер әзірленуде. Мектептер жөнделуде, қысқа отын, онымен бірге оқу құралдары әзірленуде. Оқытушылар да оқу жылына қызу әзірленіп жатыр.

Мариямполь қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс пен алға басты. Душпан қуатты қорғану шептеріне сүйеніп, зеңбіректерден және оқ ататын аппараттардан нөсерлеті оқ жаудырды. Жаудың жаяу әскерлері және танктері зеңбіректерінің көмегімен шабуыл жасап бара жатқан әскерлерімізге үздіксіз қарсы атақалар жасауда. Кеңес әскерлері душпанның қарсылығын жеңе отырып, Шығыс Пруссия шек арасына жетті. Немістердің негізгі күштерінен бөлініп қалған әскер топтары Шешупа өзеніне қарай қысқақ алынып, жойылды. Толық емес мәлімет бойынша, жаудың 60тай танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, өртенді. Ұрыс даласында немістердің солдаттары мен офицерлерінің 1000нан аса өлігі қалды. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді.

* * *

Сандомир қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз душпанның қатты қарсылығын жеңе отырып, алға, батыс, де Висла өзенінің сол жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайтты. Немістер жаңа аса қарсы атақаға шықты, бірақ еш бір жеңіске жетісе алмады. Жаудың 15 танкі мен 23 бронетранспортері жойылды. Сандомир қаласының көшелерінде қатты ұрыстар болды. Н. құрамасының штурмашы топтары Висла өзенінен өтті де келген бетте қаланың оңтүстік-шығыс жақ бөлігіндегі немістерге атақа жасады. Сандомир қаласының батыс жақтан кірген екінші бір бөлімінде табандылықпен алас басып, үйлерді бірінен соң бірін немістерден тазартуда.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте кеңес жауынгерлері өшпес ерлік және батырлық көрсетуде. Үлкен сержаңт Смирновтың және старшина Федотовтың зеңбірек расхеттары бір ұрыста жаудың танкін, 4 бронетранспортерін қыйратты, 40 немісті жойды. Броня бұзушылар үлкен сержаңт Сарченко мен қатардағы жауынгер Кучук немістердің танкін қыйратты. Лейтенант Мошкиннің басқаруындағы жеті барлаушымыз немістердің үлкен тобына қарсы ұрысқа кірді. Кескілескен қолма-қол айкаста батыр кеңес жауынгерлері 43 гитлершілді жойып, душпанның 8 адамын қолға түсірді.

100 миллион сом үнемдеді

Оқ-дәрі Халық Комиссарларының заводтары өнер табу жөніндегі айлықты аяқтады. Түскен 8530 ұсыныстың 4 мыңы іске асты. Түскен ұсыныстар толық пайдалану нәтижесінде заводтар бір жылда 100 миллион сом үнемдеді.

(ТАСС)

(ТАСС)

ЕГІН ЖЫЙНАУДА ТАҢСӘРІДЕН ҚАС ҚАРАЙҒАНҒА ДЕЙІН ЖҰМЫС ІСТЕЙІН!

„Тегісшіл“ колхозында

—Колхозымыз өткен жылы ауыл шаруашылық жұмыстарында артта қалып келді. Тізімдері жылдың егіс жұмыстарын да шеуілдегіп алдық. Бұл кемшіліктерді кешекте болдырмай, быйылғы егінді дерінде әрі ысырапсыз жыйнап, мемлекетке ғық тапсыру жоспарын мұлтіксіз орындауға, сөйтіп отан мен майдан алдындағы егінді бориштарын өздерінің адал еңбегімен ақтауға колхозшылар білек сыбана істі, —дейді „Тегісшіл“ колхозының кдай алды егін шабушысы Рахмет қарт. Рахан ақсақал айтқандай расында „Тегісшіл“ ауыл шаруашылық артелінің мүдлері жаңа егінді жыйнау ісіне жаңа қармен кірісті. Олардың бойына быйыл на жігер біткен тәрізді. Колхоз жуырда на бидайды оруды толық аяқтады. Жәегіннің алғашқы 110 центнер алтын асты қызыл керуенмен дайындау орнына нәтижелі.

Соңғы уақытта колхозда социалистік рыс озаттарының саны еселеп көбеюде, селен, жоғарыда аталған колхозшы Сүбаев Рахмет қарт лобогрейкамен егін бұда тапсырма бойынша 4 гектар орны, 6,5—7 гектар алаңның егінін шабады. Төев Сыздық қарт үнемі біржарым мөлз орындайды. Міне бұл қарттарды қолшы ауыл мақтан етеді. Қарт істің тақты болуы үшін, жұмыс уақытының әрмүйнетін өнімді пайдаланады. Өздері лобогрейкаларын таңсәріден жұмысқа лейді. Қарттар түскі үзіліс кезінде де отырмайды. Бұл кезде лобогрейкаларшалғысын қайрап, оның күдікті жерін жөндеп, майлап отырады. Сөйтіп лобогрейкалардың үздіксіз жұмыс істеуін тамасыз етеді. Сүйінбаев және Төкішев

қарттар өздерінің жұмыстан бос уақыттарында лобогрейкаға быйыл отырған тәжірибесі аз әйелдер мен жас есірімдерге тәжірибелерінен үлес беруде, сөйтіп олардың мамандығын жоғарылату үшін күш жұмсауда.

Лобогрейкамен егін шабушы Биманова жолдас тапсырма бойынша 4 гектар орнына 4, 5—5 гектар алаңның егінін шауып жүр. Қызылжардың әйелі Бікәшева Күлзін жолдас шөмеде салуда жұмыс мөлшерін біржарым есе орындайды. Майшылар Рақышева, Қондыбаева жолдасар үнемі 2 мөлшер орындауда. Колхозшылар Тілеубаева, Әлімжітова жолдасар да көрнекті жұмыстар істеуде.

Айта кету керек, колхоз шаруашылығының қай саласында болса да істің жайы осылай деуге болмайды. Жұмыста әлі де болса бірсыпыра кемшіліктер кездесіп отыр. Адам күші мен жұмыс көліктері тап-тынақтай орынды-орына пайдаланылмайды. Олар белгілі бір жұмысқа бекітілмеген. Егін шабу мен маялаудың арасында алшақтық бар. Егін жыйнау науқаны басталғаннан бері пішен жыйнауың қарқыны бәсеңдеп отыр. Ауыл шаруашылық жұмыстары түгелдей ұштастыра жүргізілмейді.

Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының алғашқы күндері кездескен кемшіліктерді дереу іс үстінде жойып, істің нәтижелі болуын қамтамасыз ету, колхоз басшыларының абройлы борышы. Егінші колхозшылар арасындағы еңбек тәртібін барған сайын нығайту, жарысты мейлінше кең өрістетуге—колхоз председателі Айтбаев жолдас,—ол сіздің тән ісіңіз.

М. ӘБІЛХАНОВ,
ПРЕСНОВКА. (Арнаулы тілшіміз).

ҚАЗІРЛІ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Зорошилов атындағы ауыл шаруашылық артелінде (Полуденьданы) егін жыйнау жұмысы зор теумен жүргізілуде. КСРО Халық миссарлары Кеңесі мен БК(б)П талық Комитетінің „Егін жыйу және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау тура“ қаулысын талқылағаннан кейін колхоздағы барлық еңбеккерайтын адамдар жұмысқа жуылып, қара бидай жыйнауы аяққа жуықтатты.

Қара бидайды орудымен бірге, егін еу соғылып, алғашқы соғылған ық мемлекетке жөнелтілуде. мемлекетке қазірдің өзінде 3 мыңтан аса саналы астық тапсынды.

Қазір колхоз басқармасы колхозшылардың еңбек күніне мемлекетке тапсырылған астықтың 15 процентінен заттай ақы бере бастады. Комсомолец Александр Сотников жолдас өзінің үй-ішімен еңбек күндеріне 12 пұт астық алды. 70 жастағы Андрей Яковлев қарт та еңбек күніне 12 пұттан аса алғашқы заттай ақы алуға жетісті. Ефросинья Яковлева жолдас та еңбек күніне осы мөлшерде заттай ақы алды.

Біз жұмысты бұдан былай да аянбай істейміз, сөйтіп, майдандас тарға жауынгерлік еңбегімізбен көмектесеміз, дейді, колхозшылар.

Р. САПАРОВ.

Үлгілі комбайншылар

Лобогрейкамен егін шабушы Овчинников жолдас Совет астық оны комбайншыларының үлдеуін талында өзіне ұлғайтылған міндеттемелі алған еді. Ол сол алған міндеттемесін даа шығу үшін қажірлі еңбек істеді, нде „Коммунар“ комбайнымен 58 гектар орды. Оның күнделік көрсеткіші 16 гектар.

А. СӘДІРОВ.

Присемі машина-трактор станциясының „Құжастурный пахарь“ ауыл шаруашылық артелінде жұмыс істейтін комбайншысы Андрейченко жолдас социалистік жарыста алған міндеттемесін орындай отырып, тәулігіне 30—25 гектар егін орып жүр. Ол жұмысқа кіріскен аз күн ішінде колхозға 160 гектардан аса егін орып берді.

Т. ЕСЕНОВ.

Б. ИМАНБАЕВА.

ПРЕСНОВТАН ХАБАРЛАР

Преснов ауданындағы „Орталық“ м шаруашылық артелінде ком ншы Қасен Жанмұрзин жолдас орудың алғашқы күндерінен тап, үздік жұмыс істей баста. Ол соңғы бір күнде „Стали“ комбайнымен 18 гектар егін п, 14 килограмм жанар май мдеді. Тракторшы Бибиш Жолрова жолдас та бір неше килограмм жанар май үнемдеді және стордың қалтқысыз жүруін гамасыз етті.

Комбайнмен жұмыс істеудің бір нде алынған 146 центнер өнім, 114 центнері дереу мемлекетастық қабылдау орнына жөнелді.

Б. НЕКІБАЕВ.

Кирәз атындағы колхоз мүшелері қара бидай орудыға ұйымдасқан түрде кірісіп, оны соғыстағыша жүргізіп жатыр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер арасында өндірістік өрлеу өріс алды. Лобогрейкашы А. Бектенов, Қ. Боранбаев және басқалары күніне 3,5 гектар егін оруды орнына, 4,5—5 гектар егін орып жүр.

—Егін жыйнауға қажірлі еңбек етсек, мұның өзі майданшыларға үлкен көмек болып саналады. Ал майданшыларға көмектесуден асқан абройлы іс жоқ. Біз бұл міндетті отаншылдықпен орындап шығамыз,—дейді колхоздың маңдай алды егін жыйнаушылары.

Ж. ТЕМІРҚАНОВ.

ЖАСТАРДЫҢ ТАБЫСЫ

ВЛКЖО Орталық Комитетінің комсоргі болып, Құрышева жолдас қызмет істейтін завод август айының 15 күндік өндірістік жоспарын орындауда зор табыстарға ие болды. Бұл істе комсомол-жастар бригада мүшелері үлгі көрсетті. Бригада мүшелері күнделік жұмыс тапсырмаларын үнемі толық және артығымен орындады.

Иван Акишев жолдасын басқаруындағы майдандық комсомол-жастар бригада мүшелері Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдасын „Жеңіс“ орденімен наградтаудың зор өрлеумен қарсы алып, август айының өндірістік тапсырмасын екі есе артығымен орындауды міндеттеріне алған еді. Бұл міндеттемені мұлтіксіз орындауда тамаша еңбек үлгісін көрсетті. Сөйтіп август айының 15 күндік жұмыс мөлшерін 225 процент артығымен орындады.

Бұл жарыстан Брюховец пен Комарова жолдасардың бастық болып істейтін комсомол жастардың бригада мүшелері де қалысқан емес. Олар күнделік жұмыс тапсырмалары 180—210 процентке дейін орындады. Жұмыстан бос уақытта ауыл шаруашылық машиналарға 5 мың сомның қосалқы бөлшектерін өндірді.

Мамаев жолдасын басқаруындағы Екпінді комсомол-жастар бригада мүшелері даңқты Қызыл Армияның жеңістерімен жігерленіп, күнделік жұмыс тапсырмаларын екі есеге дейін артығымен орындап жүр.

Стахановшы Теміржанов, Тасмағамбетов, Омаров, Болотова жолдасар күнделік жұмыс мөлшерін әр дайым екі есе, үш есеге дейін артығымен орындайды.

Социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, саяси көпшілік жұмыстарын өндірістік өрлеу мүдделеріне сай жүргізе білудің нәтижесінде заводтың комсомолец-жастары екінші жарты жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындады, және жоспардан тыс, көптеген ауыл шаруашылық машиналарына қосалқы бөлшектер өндіруге міндеттемелер алды.

Е. МАЛАЕВ.

АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ АРТЕЛЬ

Петропавлдағы „Екпінді“ кол өнершілер артелиің коллективі август айының 15 күндік өндірістік жоспарын мерзімінен едәуір бұрын орындап, жоспардан тыс 13 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндірді.

Ваский тігу цехының жұмысшылары күнделік жұмыс мөлшерін 100—120 процент орындауды міндеттенген еді. Бұл алған міндеттемелерін мұлтіксіз орындады.

Киім тігу цехының коллективі қажірлі еңбек істеуде. Қазірде әрбір жұмысшылар күнделік жұмыс тапсырмаларын 100—130 процентке дейін орындап жүр.

Тері илеу цехының жұмысшылары еңбек тәртібін жақсартып өнегелі еңбек істеу нәтижесінде август айының 15 күндік жұмыс жоспарын толық орындады, сөйтіп жоспардан тыс көптеген сапалы бұйым өндірді.

Тігінші Хамидуллин, Ермағамбетова, Рамазанова және Хамзина жолдасар жарыста алған міндеттерін аброймен орындау үшін жұмыс уақытымен санаспай еңбек істеп, август айының күнделік жұмыс мөлшерін екі есе, төрт есеге дейін артығымен орындап келеді.

Артель коллективі екінші жарты жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс көптеген ішкі-сыртқы киімдер өндірмек болды.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабары

ЛОНДОН, 17 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы жоғарғы командованиесі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

Одақтастар әскері Нормандиядағы қоршау шеңберін қысуда, Фалез қаласында дұшпандық әскерлерінің қалдықтарын жойды, ол қаланың шығыс жағында ауыр ұрыстар болып жатыр. Әскерлеріміз Конде қаласын алды. Оның батыс жағында әскерлеріміз азат етілген Кеншебрэнің шығысына қарай және Жердің шығысына қарай алға ілгеріледі. Ла-Ферке-Машенің солтүстігіне қарай және Донфронның солтүстік-шығысына қарай әскерлеріміз дұшпанның қарсыласуына қарамастан 6 мильдей ілгеріледі.

Әскерлеріміз Бретаньдағы Динар портын түгел алды. Сен-Мало қамалындағы герман гарнизоны қатты қарсылық көрсетуде. Әуе райының нашарлығы одақтастар авиациясының солтүстік Францияның үстіндегі қыймылын бәсеңдетті.

Урыс қыймылдарының Орта теңіз майданындағы одақтастар әскерлерінің хабары

ЛОНДОН, 17 август. (ТАСС). Урыс қыймылдарының Орта теңіз майданындағы одақтастар әскерлерінің штабы мынаны хабар етеді:

Францияның оңтүстік теңіз жағалауының түрлі учаскелеріне әскерлер жоспар бойынша түсіріліп жатыр. Кеме керуендері тың күштер әкелуде. Кемелерден әскерлер мен жүк түсіретін жағалаудағы су миналардан түгелге жақын тазартылды.

Одақтастар әскерлері оңтүстік Францияда алға ілгерілеуде. Кей жерлерде олар жағалаудан 17 километр жерге барды. Жағалаудан түсірілген бөлімдер елдің түкпіріне апарып түсірілген парашютшылармен қосылды.

Дұшпанның жағалаудағы барлық қорғану шебі ойдағыдай бомбалауымыздың және теңізден оқ жаудыруымыздың нәтижесінде бұзылды. Одақтастар әскерлерінің шығыны көп емес; сонымен бірге дұшпанның ауыр шығынға ұшырағандығы ыспаттайтын жеткілікті дәлелдер бар.

Флоренцияда 8-Август армиясының бөлімдері қаланы дұшпанның жеке әскер топтарынан тазартты. Италияның бүкіл майдан бойында оқиша әрегіс болған жоқ.

Одақтастар авиациясы кеме солтүстік Франциядағы 4 темір жол орнына және Фрейдик-Спафен жанындағы химия заводына шабуыл жасады. Сол сияқты Югославиядағы, Албания мен Грекиядағы жаудың транспорты мен түрлі соғыс орындары бомбанды.

Америка әскерлері Шартр мен Орлеанды аяды

ЛОНДОН, 17 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Франциядағы тілшісі, үшінші Америка армиясы бөлімдерінің Шартр мен Дрені алғандығын хабар етті.

ЛОНДОН, 17 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Америка әскерлері жанындағы тілшісі, Америка әскерлерінің Орлеанды алғандығын және Америка күзет әскерлерінің Шартрдан асып, Парижге жақындағанын хабар етті.

Англия авиациясының Штеттинг, Киль мен Берлинге шабуыл жасауы

ЛОНДОН, 17 август. (ТАСС). Англияның авиация министрлігі, 17 августқа қараған түнгі ұрыстарға 1200дей бомбардировщиктер қатысқандығын хабар етті. Әсіресе Штеттингке көп шабуыл жасады. Бұл екі портта да үлкен өрттер болды. „Москито“ самолеттері Берлинді бомбалады.

Жауапты редактордың орынбасары
К. ӘЛІМБАЕВ.